

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
С 28

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Сәндібек О.

С 28 Уәде: Өлеңдер / Олжас Сәндібек. – Алматы: Жазушы, 2013.
– 112 бет. – «Жас толқын» сериясы.

ISBN 978-601-200-434-2

Өлеңдері сыршылдығымен, тақырып алуандығымен ерекшеленетін жас ақының бұл жинағы болашағынан мол үміт күттіреді. Құрбы-құрдастарының, өскен өлке, туған өңірдің әр алуан қырлары жыр тілінде сәтті өрнектелген.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-200-434-2

© Сәндібек О., 2013
© «Жазушы» баспасы, 2013

Бірінші бөлім



Мөлдір



УӘДЕ

Бұл сөзіме уәде етем әуелі,
Үнің неткен, демің неткен бал еді.
Саған арнап жыр жаза алмай келемін,
Дәл өзіңдей әдемі.

Қылықтарың үшін әрбір сиқырлы,
Ұмытқаным үшін әрбір ұйқымды.
Саған арнап бір жыр жазам деп едім,
Дәл өзіңдей сүйкімді.

Менен өзге жан сезбеген бұл бақты.
Оқылатын баяу әрі ырғақты,
Саған арнап жыр жазамын қалайда,
Дәл өзіңдей қымбатты.

Болмысыңда мәңгі шуақ көктем жүр,
Жанарыңнан айналайын төккен нұр.
Саған деген сезімім де жырым да,
Дәл өзіңдей Мөп-мөлдір.

Бұл сөзіме көкте Ием куә де.
Бұл сөзіме көк те, жер де куә де.
Саған арнап өлмейтұғын жыр жазам,
Бұл уәдем, Уәде.





САРЫ ҚЫЗ

Бөгет болмай бір кезде тұсауың да,
Тарпаң едім байлаулы бағын үзген.
Отырушы ем оңаша қыс айында,
Сары аязда сырласып сары қызбен.

«Неге сары қызсың?» деп сұраймын да,
Әңгімені әзілге жалғаймын кеп.
Үн қататын еркелеп құлайтын да,
«Сені ұзақ күткеннен сарғайдым» деп.

Бүкіл әлем далада дірілдейтін,
Бүкіл халық бүрсеңді күй кешуде.
Сол бір суық біз үшін білінбейтін,
Тақпайтынбыз пальтоның түймесін де.

Мінезі сәл жұмсақтау биязыдан,
Кеудесіне күн нұрын орнатқан-ды.
Мені сол бір қаңтардың аязынан,
Сары қыздың құшағы қорғап қалды.





ЖАНАР

Үзіліп жүз үміт
Құлауды үйретті.
Мөлдір шық тізіліп
Жылауды үйретті.

Тағдырға бағынып
Шаршауды білмеппін.
Сарғая сағынып
Аңсауды үйретті
Күздің жанары.

Кірпігі қытықтап
Күлуді үйретті.
Қылығы құрықтап
Көруге үйретті.

Көргенді көңілге
Түюді үйретті
Ал маған өмірде
Сүюді үйретті.
Қыздың Жанары.





СЕН СҮЙМЕЙ КЕТКЕН СОЛ ЖІГІТ...

Шертілмей қалған шерлерден,
Шерменде болған жүрегі.
Сүйем деп сені сенделген,
Сездің бе сол жан кім еді?

Айырып естен бір елес,
Өз айтқандарын жөн деген.
Жібек пен Баян түк емес,
Аққуда сенен кем деген.

Жүзінде иман көктеген,
Жүрегі тұнған жыр еді.
Арнаған талай отты өлең,
Сездің бе сол жан кім еді?

Ұқпадың сырын сөзінің,
Ұқпадың жайын көптеген.
Сен оның сұлу сезімін,
Сезуге дәтің жетпеген.

Арманын айға қондырып,
Алған бетінен танған жоқ.
Сен сүймей кеткен сол жігіт,
Сүйкімсіз болып қалған жоқ..





Басына бақыт қонғанда,
Бойтұмар тағып үкілер.
Сен сүймей кеткен сол жанды,
Сүйеді әлі бүкіл ел!





* * *

Мен жайында ойламауың мүмкін-ді,
Өткен күннің парақтарын ақтармай.
Сен жайында ойламасам біртүрлі,
Құлазымын күзгі жапырақтардай.

Сезім қылын шертіп жырлар арнадым,
Түсінбедің, бірақ, саған өкпем жоқ..
Сен мен үшін Ләйлі бола алмадың,
Сосын мен де Мәжнүн болып кеткем жоқ.

Қиналғам жоқ, мейлі мені ұнатпа,
Өкінішім уақытпен өтелмек.
Мен қиналдым, өзің үшін бірақ та,
Сезіміңе қаяу түспесе екен деп.

Сырт айналып тағдыр өңін бермеген,
Қайғы құшып жүрген сол бір күнімде.
Бағытыңды өзгертіп ең сен менен,
Бақытыңды таба алдың ба бүгінде?





* * *

Сен гүлді сүйесің,
Гүл тектессің ғой жарқыным.
Мен түнді сүйемін,
Себебі, жалқымын.

Сен нұрды сүйесің,
Жанардан нұрың шашырап.
Мен мұңды сүйемін,
Жалғыздығымды қасыма ап.

Сен айды тосасың,
Күн батса болды аспаннан.
Мен қайғы құшамын,
Жастығым сосын жас толған.

Сен күнді сүйесің,
Сүйесің несін күндеймін.
Мен кімді сүйемін?
Білмеймін.
Сосын сүймеймін.





* * *

Жаныма ауыр тиер ме еді мұншама,
Сап-сары боп сағыныштан күз өлді.
Ет жүрегім қанша ауырып тұрса да,
Қоштасамыз біз енді.

Мен әлі де сыңарымды таппадым,
Әсте сабыр күттірді.
Сенің маған түнде жазған хаттарың,
Менің жалғыз қалғанымды ұқтырды.

Махаббатты ардақтаған түріміз,
Өзімізге қарсы қойып жебені.
Бұл ғұмырдан бірімізге біріміз,
Кездеспей-ақ кеткеніміз жөн еді.

Көңілімді жырларымнан ұғарсың,
Мені бекер тумас болар Хауа Анам.
Енді мені білгің келсе сұрарсың,
Жұлдыз бенен ауадан.





АКРОӨЛЕҢ

Бұл басым бәріне көнер
Бір үміт ойнайды сенен
Бір ғана өзіңмен келер
Бақыттың барына сенем

Арамыз алыстау әттең
Арманым алдамас бірақ.
Ай туып, ел жатқан сәтте
Аспаннан сен жайлы сұрап.

Назданып жатамын сосын
«Несіне келдім» деп мұнда
Нұрланған Тараздың кеші
Налысам тартатын сырға.

Уынды теңейін балға,
Уызын татқанмын шердің.
Уайымға уланған жанға
Уақыт емші ғой, көндім.

Ушығып кетпесін тағы.





* * *

Арайлым.
Жанары өзіңде талайдың.
Нұрланып жүретін жүзіңе,
Құрбаның болардай үзіле,
Ұрланып тым жиі қараймын.

Қымбаттым.
Мен неткен бейбақпын.
Мұңымды ақтарып жұлдызға,
Құнымды арттыр деп бұл қызға,
Ғұмырын тіледім бұл бақтың.

Қылықтым.
Сұп-суық санамды жылыттың.
Көріктім көзіңнен күн күлген,
әлемге ән салшы күлкіңмен,
Өткеннің барлығын ұмыттым.

Балдайым
Жырымды өзіңе арнайын.
Ұйқысыз қарсы алып таң нұрын,
Өзіңмен өтсе деп әр күнім,
Сен жайлы ойлаймын.
Жағдайым,
Осылай, күнім-ау, осылай.





МЕНИ ЕСІҢЕ АЛАСЫҢ БА?...

Сырлас таппай селсоқ болған шақтарда,
Көңіліңді басқан кезде баяу мұң.
Күн қызарып көкжиектен батқанда
Мені есіңе аласың ба, аяулым?

Тоңдырғанда тал бойынды түнгі ызғар,
Аралағың келіп біраз ай ауылын.
Түнгі аспанда жымыңдаса жұлдыздар,
Мені есіңе аласың ба, аяулым?

Тысыры жоқ тыныштық боп жан-жағың,
Толқындамай тына қалса бар айдын.
Тынық түнде себелесе ақ жауын,
Мені есіңе аласың ба, аяулым?

Қол ұстасып құпия сыр ақтарған,
Құлағымнан кетпей қойды арайлы үн.
Ғашық көрсем қол ұстасқан бақтардан,
Мен өзінді сағынамын аяулым.





ҒАШЫҚТАР КҮНІ

Бұл даладан жыл да өткен, ғасырда өткен,
Ғашықтар аз ба бізде жасын төккен.
Қозы мен Баян өтті құрбан болып,
Махаббаттың жолына басын тіккен.

Қодар өмір Қозыны аяды ма,
Тағдыр тұсау салса да аяғына.
Адалдықтың жолынан айнымастан,
Мәңгі ғашық боп қалды Баянына.

Ғашықпын деп хақым бар арындарға,
Сезім қаны тулайды тамырларда.
Махаббат мәңгі өлмейді, мәңгі өлмейді,
Жүрек барда, жас барда, жалын барда.

«Сүйем» десем кім ұқсын сірә мені,
Бір ұғынса мына аспан ұғар мені.
Жанға ашпаған бар сырды жиып алған,
Мына дала ғашықтар куәгері.

Жүрек жүрек бола ма дір етпеген,
Сезім гүлдер жырменен, тілекпенен.
Мен ғашықпын гүлдерге, сұлуларға,
Кеудемдегі осынау жүрекпенен.





САҒЫНЫП ЖҮР МЕ ЕКЕНСІҢ?..

Көп болды мен өзінді көрмегелі,
Көп болды жүректі жыр кернегелі.
Дәл мендей боп алаңдап елеңдеумен,
Сағынып жүр ме екенсің сенде мені?

Жүрегім шабытыма тіл қатады,
Дегендей жырла тағы,
жырла тағы.

Өзінді ойлауменен таң атады,
Өзінді ойлауменен күн батады.





СҮЮ

Атпайды сенсіз күліп таң,
Түннен де бақыт сезбедім.
Қараған жанды жылытқан
Шамасы күн-ау көздерің.

Айта алмай ойды іркідім,
Сұлулық сенде жатады.
Көзің күн болса кірпігің
Сол күннің шашқан шапағы.

Ай мүсін ару бетіңмен
Шиедей қызыл ерінің.
Дегбірін таусып кетірген
Қоздырып жігіт желігін.

Ойламай сені көз ілмен,
Іздеуден жүрек танбады-ау.
Табыссам, шіркін, өзіңмен
Арман-ау, бірақ арман-ау.





ПЕРІШТЕ

Жалғанда жалғыз боп жүдедім,
Оралған адамдай тамұқтан
Мұңлықтай мұң кешіп жүр едім,
Кездесе кеттің сен ғайыптан.

Санамды сансыз ой билеген,
Сенделіп сергелдең күй кештім.
Дәл бұлай ешкімді сүймеп ем,
Дәл бұлай ешкімді сүймеспін.

Көруге асықсам ол дағы,
Арманға тез жетсем дегенім.
Жағымнан жаңылғам жоқ әлі,
Өзіңді жырлаумен келемін.

Мен едім жырлаудан жалықпас,
Жырымды жорыма теріске.
Ауруын жасырған айықпас,
Мен сені сүйемін Періште.





* * *

Мен сені іздедім
Қараша желіне тоналып,
Ақпанда ақ қарға оранып.
Көктемде бүр жарып елендеп,
Оралған құстармен келер деп.

Мен сені іздедім,
Шілдеде қырық күн.
Соңында үміттің.
Елемей, ескермей,
Күнкілін күдіктің.

Өзінді көрсем деп асығып,
Ақыл мен сабырды басынып.
Жүйесіз ойларым
Жұлдыздай шашылып.

Мен сені іздедім
Жанарым құрғамай,
Қабағым мұңға бай.
Санамда жалғыздық,
Төбемде сынған ай.
Өзіңсіз жалғанның,
Бір кем боп тұрғаны-ай.

Мен сені іздедім...





* * *

Жұмыр басты пенделердің біріміз,
Қателіктер кетті бізден, күмәнсіз.
Көктемеде көктемесе гүліміз,
Мүмкін біздер қосылмайтын шығармыз.

Кінәлама көп сөз солай десті деп,
Бұл сөзімді құп ал қыз.
Бір кеудеде соға алмаса қос жүрек,
Қосылмайтын шығармыз.

Өзімізше асқақ болған түріміз,
Қанша уақыт шыдармыз.
Сағынамыз бірімізді-біріміз,
Қосылатын шығармыз.





ӨТІНІШ

Көк нөсер көктен саулаған,
Долы жел жоғын даулаған,
Ызғарлы түнде жаураған,
Сап-сары жапырақтар-ай,
Тағдыры менен аумаған.

Көзінің мөлдір қарасы,
Ару біткеннің дарасы,
Жанымның жалғыз саясын,
Тондырды ма екен күзгі жел,
Бола алмадым-ау арашы.

Түсіме түнде жүз кірер,
Аңсарым ауып үздігер.
Салқындау еді сіздің ел,
Жанымның жалғыз саясын
Тондыра көрме күзгі жел.





* * *

Құдай қосқан қосағым,
Қырық қызға жыр жаздың деп босадың.
Сені алғаш жолықтырған күннен-ақ,
Қырық қызға айтқан едім Қош әнін.
Өткенді алып есіңе,
Мұңаясың несіне.
Кінәм болса аздаған,
Кешіре сал, кешіре.

Мөлдірім-ау,
Мөлдірім,
Кірпігіңе қондырмашы енді мұң.
Бордай болып егілгенің неткенің,
Қайда сенің өрлігің?

Жан-жарым-ау,
Жан-жарым,
Өленді де,
өмірді де арнадым.
Қызғанбай-ақ қой мені...
Қырық қыздан
мен тек сені таңдадым.





* * *

Қуанышты күнің ғой сенің бүгін,
Шалмасыншы бейуақ өңінді мұң.
Мен сені мұңайтпауға уәде етіп,
Мен саған сыйға тартам сенім гүлін.

Сен жайлы жазылар тек ендігі өлең,
Оқылар періштелер ерніменен.
Мына әлемнің ең ғажап сұлулығы,
Тек сенің жанарыңда мөлдіреген.

Адалым ең жаралған жаның нұрдан,
Тәңір сені нұрына малындырған.
Тұтқындаған сен болдың қалың мұңға,
Құтқарғанда сен ендің қалың мұңнан.

«Сүйем» деп алдарқатып өзгелерін,
Сен едің жар қылсам деп көздегенім.
Мен сені мұңайтпауға уәде етем,
Мен сені жылатпауға сөз беремін.





* * *

Не күтіп ең жаным-ау енді менен,
Жасыңды сұрт көзіңнен мөлдіреген.
«Менің мұңым – Махаббат» шамам келсе,
Мөлдіретіп жазармын мөлдір өлең.

Мөлдіретіп жаза алсам нәзік өлең,
Үндесетін көңілдің сазыменен.
Жинағымды қолына ап, әр жырымды,
Сұлу қыздар оқыса наз үнімен.

Сен де қуан мен үшін армандасым,
Бірге қуан менімен жалғанда шын.
Ғашықтықтың өлеңін көп жаздың деп,
Оған бола жүрегің арланбасын.

Бөлінеді сан ойға санам неше,
Жыр жазбай-ақ қояр ем маған десе,
Жасыңды сұрт көзіңнен мөлдіреген,
Бақытты етем мен сені шамам келсе.





* * *

Мендік сезім шыдар ма елең етпей,
Отыра алман мен сені өлең етпей.
Қасымнан әрі өтесің, бері өтесің,
Нәп-нәзік ақ қанатты көбелектей.

Отырмын бір түзеліп, бір бүлініп,
Сен жүрсің тоты құстай мың құбылып.
Сұлулыққа жан едім жаным ғашық,
Есімді алып барасың жынды қылып.

Жүрегімнің басына сәуле қонып,
Бұрымыңдай жырымды сәндеп өріп.
Сен жүрсің ештеңеден хабарың жоқ,
Мен отырмын сезіммен әуре болып.





* * *

Жігіт құлқын,
қылық күлкің арбаған,
Мінезің-ай,
әрі аспайтын арнадан.
Өн бойыңнан пенделерге бітпейтін,
Періштелік қасиетті аңғарам.

Сені көріп әлсіз жүрек дір етті,
Дидары да сендей шығар Жібектің.
Досың менен қасың қоса сиятын,
Кеңдігін-ай, жүректің.

Тумысың-ай,
нәзік әрі батыл-ды,
Әр ісіңнен аларлықтай жат үлгі.
Қалқам өзің кімге тартып туғансың,
Сұлу әрі ақылды?

Жан екенсің сынығындай асылдың,
Ақылыңа, сымбатыңа бас ұрдым.
Күлімдейсің дірілдеріп жүректі,
Қыз Жібегі ХХІ-ші ғасырдың.





* * *

Мен өмірге кеше кешке келгенмін,
Орталықта,
аялдама түбінде.
Бұған дейін көргендерің сендердің,
Мен емеспін, тек,
ол менің түрімде.

Жердің емес,
перзенті боп ғарыштың,
Кезіп жүрмін аспанды.
Ол сұлумен кеше кешке таныстым,
Демек, кеше
мендік өмір басталды.

Сымбатына сөз жетпейтін көрікті,
Хор қызының өзі дерсің расында.
Ол да өмірге кеше кешке келіпті,
Дәл он жеті жасында.

Маңайынан мені іздеумен өскен қыз,
Мандайына жазылғанын көрген де.
Біз бақытты бола аламыз дескенбіз,
Уақыты келгенде.

Ол да мені,
мен де оны ұнатып,





Ол да ештеңе,
мен де ештеңе демедім.
Біз бақытты болатұғын уақыт,
Келе жатыр сенемін.

Біз өмірге кеше кешке келгенбіз,
Орталықта,
аялдама түбінде.





САҒЫНДЫМ...

Күз келсе,
күз келсе арманым,
Сырым мен мұнымның ырысы.
Көктемге ғашық бола алмадым,
Ғашық қыла алмады ол,
дұрысы.

Дәнеңесі де жоқ сенбейтін,
Кім білген,
ойлап жүр кім кімді.
Өзгелер сезіне бермейтін,
Сары күз сыйлады бір мұңды.

Сол кезге күә боп жол жатты,
Аралап сап-сары бақ ішін.
Сағындым сарғайған сол бақты,
Сағындым бұлақтың ағысын.

Кім білген, кім кімді ойлап жүр,
Ескі мұң сен тағы табылдың.
Жұрт біткен көктемді тойлап жүр,
Мен күзді өлердей сағындым.

Сол қызды өлердей сағындым.





ХАТ

Сәл сүрініп өмір дейтін сынақта,
Біз ғана ма жете алмаған мұратқа.
Тағдыр бізді екі айырды дегенмен,
Мен өзінді ұмытқам жоқ бірақта.

Мені сүйіп мұң артқан да сен едің,
Сені сүйіп ұнатқан да мен едім.
Саған арнап жазған едім мөлдір жыр,
Саған әлі арналып жүр өлеңім.

Деуші едің ғой,
«Сізді қатты сағындым»,
Мен де сол бір
Күзгі бақты сағындым.
Кейде сені іздеп кеткім келеді,
Қызғанарын түсінсем де
Жарымның.

Хат жазар ем бүкіл хатқа бергісіз.
Хат жазар ем...
Мекенжайың белгісіз.
Мен өзінді сағынамын бір түрлі,
Сезімменен адам айтса сенгісіз.





Сен сонда да үміт үзбе хаттардан,
Үзілуге тісті емес тәтті арман.
Саған жазған сағынышты хаттарды,
Жолдап қойып отырайын
Сайттардан.





* * *

Қызығам, қылығың тәтті-ақ,
Періште ме екенсің сен бір.
Ақ ұлпа қардан да аппақ,
Жаныңнан айналдым
Мөлдір.

Күн күліп тұратын әр кез,
Ашылған аспандай зеңгір.
Күлімдеп қарайтын нәркес,
Көзіңнен айналдым
Мөлдір.

Мына әлем қалғандай нұрсыз,
Түсінбей сәтімді кейбір.
Күрсініп жылайсың үнсіз,
Жасыңды төкпеші
Мөлдір.

Бұйрығы Тәңірден түскен,
Бағыма айналдың ең бір.
Жемістей уылжып піскен,
Өзіңнен айналдым
Мөлдір.





* * *

Қарындасым-ау, ақылды,
Сезімің жетгі хатыңмен.
Оқыдым бірақ,
хатыңды,
Сезіммен емес,
ақылмен.

Жазыпсың тағы хатыңда,
Жүрмін деп желге мұң шағып.
Жиырмаға жетпес жасыңда,
Күйзелгенің не мұншалық?

Таптырмас опа құр шаттық,
Мұң болып қалар көзіңде.
Баяны болмас бір сәттік,
Беріле көрме сезімге.

Бақыт боп шығар кейде мұң,
Өзіңде кейін ұғарсың.
Өзіме емес,
сен менің,
Жырыма ғашық шығарсың.

Оята көрме сезімді,
Сезімге сенсең құларсың.





Кешіре алмай өзімді,
Кешіре алмай жыларсың.

Ақынға бірдей, мұң, шаттық,
Ақыл жоқ тіпті ақында.
Сезімді мынау бір сәттік,
Оята көрме,
мақұл ма?!





* * *

Дүниені жап-жасыл қып
жайнатып,
Әр бақшада бұлбұлдарын
сайратып.
Жер бетіне көкте күннен
нұр тарап,
Сен жүретін әр көшеге
гүл қадап,
Астанаға көктем келді,
Сен жоқсың.

Әр жүректе
махаббатың гүлі ашып,
Қыз бен Жігіт
қолтықтасып қыр асып,
Қысқа түнде
сынық айдан сыр ұрлап,
Мақпал түнің
жұлдыздары жымыңдап,
Ғашықтардай
кең құшағын от қылып,
Көкте күннің
мейірімін төктіріп.
Астанаға шілде келді,
Сен жоқсың.





* * *

Жан ұқпайтын сезімнен
арыла алмай,
Қуана алмай,
не тіпті қамыға алмай,
Қасымдағы сұлуға ғашық болмай,
Алыстағы сұлуды
сағына алмай,

Алаңдамай ешкімге
елеңдемей,
Қалғандай боп мына әлем
менен де өгей.
Сахараның бұлт көрмес даласындай,
Аңқам кеуіп жүргені-ай,
өлең келмей.

Қолым бармай жүргенде
жыр жазарға,
Қызыл-жасыл көп екен
бұл базарда.

.....
Мына бір
сатушының сұлуын-ай,
Муза бар ма, қарындас,
Муза бар ма?





* * *

Жетті де әзер батылым,
«Ғашықпын, – дедім,
– өлердей».

Қош дедім сосын ақырын,
Қолымды бұлғап,
Дегендей: –
«Қош бол сәулем көргенше,
Қайта айналып келгенше,
Уәдене берік бол,
Мен сендікпін өлгенше».

Жетті де әзер батылың,
«Ұнаттым, – дедің,
– өлердей».

Алыстай бердің ақырын,
Қолыңды бұлғап,
Дегендей: –
«Қош бол сәулем көргенше,
Қайта айналып келгенше,
Уәдене берік бол,
Мен сендікпін өлгенше».





* * *

Жоқ мұнда қазір той-думан,
Терек тұр мендей қайғырып.
Ол жапырағынан айырылған,
Мен тұрмын сенен айырылып.

Сағыныш толы сананы,
Жылатып бірде жұбатып.
Жетелеп бізді барады...
...барады қайда уақыт.

Басылмай көңіл кемсеңі,
Жазылмас жанның емі сен.
Сағынып жүрмін мен сені,
Сағындың ба екен мені сен?!

Сағынышымды айтып өлеңге,
Күтемін сенен хат-хабар.
Сағынған болсаң егерде,
Сарғайып тұрған баққа бар.

Қуарған жүзі қайғыдан,
Бақтарға барсаң сен егер,
Жапырағынан айырылған,
Теректі көр де мені көр.





* * *

Бірімізге біріміз,
Жақын жандар емеспіз,
алыс жан да.

Бірімізден біріміз,
Қорқып жүрген жандаймыз
алыстауға.

Сен жоқ болсаң,
Күн тұтылып қалардай
Ай қорғалап,
Мына жарық әлемге
қайғы орнамақ.

Сондықтан да,
сен менен алыстама.

Мен жоқ болсам,
Сенің де күйің мәлім.
Керек емес,
«кетпе», – деп қиылғаның.

Сен мені қимағанмен,
Бағың боп бұйырмадым.

Жақындамай,
бірімізден біріміз қашықтамай.





* * *

Мен түндей тұнық едім,
Шаршаған шерменде ойдан.
Сезімнің құлы болдым,
Өзіңді көрген бойдан.

Деуші едім күйбендікпен,
Жыр жазып жарытпаспын.
Мен сені сүйгендіктен,
Ақын боп қалыптастым.

Амал не, ұғынбадың,
Тұтанды жүрегімде от.
Жайнасын ғұмыр бағың,
Басқадай тілегім жоқ.

Өзіңе қызарқтап,
Назымды айта алмадым.
Сен біраз ұзағанда,
Сүй-е-е-м деп айқайладым.

Сен бірақ байқамадың,
Жоқ едім сен үшін мен.
Сүйем деп қайталадым,
Тағы да тек ішімнен





Сызылғаның,
жымиғаның,
күлгенің,
Тек өзіңе жарасады керемет.





* * *

Есімде түнгі боран,
Ұмытпан қаңтар айын.
Ерекше гүлге ораған,
Кеудемнің жан сарайын.

Сансыз сыр айтатынбыз,
Тоқтамай үдетпелеп.
Ұзақ түн қайтатынбыз,
Бір күліп, бір өкпелеп.

Томпиып назданатын
Жырымды жиі өрмесем,
Жымиып мәз болатын
Мен сені сүйем десем.

Бір шығып бір бататын,
Сезімдей күш ағынға.
Түншығып тіл қататын,
Тығылып құшағыма.

Арманның қанаттарын,
Аялай қағатынбыз.
Ағарып таң атқанын
Аңғармай қалатынбыз.



Шапағы тарқатылған,
Ататын таңым нұрлы.
Еріні бал татыған
Қаракөз сағындырды.

Есімде түнгі боран,
Ұмытпан қаңтар айын.
Ерекше гүлге ораған,
Кеудемнің жан сарайын.
Мен қалай сағынбайын,
Мен қалай аңсамайын.





* * *

Тағы да мұнайдым...
Мұнайдым несіне.
Мұңы да, сыны да Құдайдың,
несібе.

Әлемді әлімше ұқтым бек,
Жәутең көз жаны игім.
Мен сені сарғая күттім деп,
Несіне налимын.

Көктемде бүр жарса бір тал гүл,
Алдамшы екенін ұғынғам.
Мендегі бұл тағдыр
Аңсау мен шаршаудан құрылған.

Сен бейне таңғы үміт,
Көңілім көктейді.
Мен сені күтер ем мәңгілік,
Ғұмырым жетпейді.





ТҮС НЕМЕСЕ САҒЫНЫШ

Сен еркеледің,
Мен ентеледім,
Шыдамай
жалыныңа өргенемін.

Қиылған қара қастым,
Есімнен тағы адастым,
Ерніңнің
шарабына шала маспын.

Көп қыздан сәл қызғана,
«Жаным» деп жансыздана,
Үн қаттың
құлағыма әлсіз ғана.

Сүйдірдің сүйікті еттің,
Отыр ем биіктеп тым,
Оянсам түсім екен,
күйіп кеттім.

Мен сені сағыныппын,
Жаным жүр жабығып тым,
Мен ғашық екенімді
тағы да ұқтым.





ҚЫЗҒАНЫШ

Күйін кешіп көңілім күз даланың
Құлазымын қанымда мұздап ағын.
Біреу саған қараса көзін қадап,
Мен сол көзден өзінді қызғанамын.

Құлпыртады өзінді гөзәл далам,
Неткен жансың жанымды сезе алмаған.
Бақытыма жолықтым деп жүргенде
сағым бе едің япыр-ай көз алдаған.

Шыдайсың ба?
Жырыма орап өтем.
Бірде аптап ал бірде боран етем.
Шын махаббат бар болса ғашық жанның
Бойында бір қызғаныш болады екен.

Еркін шарлап жалғанның жұмақ бағын,
Қайғы шекпей қарсы алып жүр ақ таңын.
Бір іші тар жігіт деп ойлап қалма
Қызғанғаным сені шын ұнатқаным.





* * *

Күрсінем шарам да қалмай,
Күлуге жаралмағандай.
Өзіңсіз жалғанның мынау,
Қызығы қараң қалардай.

Өтінем ажырамайық,
Сол нағыз базына байлық.
Өмірде тек өзің ғана,
Салатын сазыма лайық.

Арманды аялап мәңгі,
Қарсы алып талай ақ таңды.
Біз кеше қыдырушы едік,
Аралап саябақтарды.

Есетін таң самал лебі,
Мүмкін бе аңсамау тегі.
Өзіңсіз көңілсіз жүрмін,
Сүйем ғой қалқам-ау сені.





ҚОШТАСУ

Мен сені,
сен мені қия алмай
Қоштастық,
Жанардың жаңбырын тыя алмай.
Достастық,
Қоп-қою түнменен,
Қала емес, секілді айдала.
Біз жайлы тірі жан білмеген,
Сәулесін себеді ай ғана.

Сен мені,
мен сені қия алмай
Бұрылдым,
Сен тұрдың
жасыңды тыя алмай.

Ұғындым...
Сезіндім,
Кінәнді...
Кінәмді өзімнің

Мен әлі
Қою түн қойнында тұншығып
Небәрі мұң ғана жазамын
Тіршілік,
бұлбұлға оқытып ғазалын,
Келеді күн шығып





* * *

Бір орамал бермедің кестелеп те,
Тағу қиын білемін тағдырға мін,
Суретің де қалған жоқ естелікке,
Естелікке
Сағыныш қалдырғаның.

Сағынамын, күн сайын сағынамын,
Елеңдеймін кездейсоқ кезігердей.
Түспесе деп бей күнә арыңа мін,
Сені ойлаймын,
жүрегім езілдердей.

Албырттығың басылып алып ұшқан,
Көңіліңнің аспанын бұлт қамалап,
Екі көзің төрт болып сағыныштан,
Терезеңнен тұрмысың сыртқа карап.

Қайта тұрып сүрініп,
құлап алып,
Сырлас таппай мен жүрмін ұғынарға.
Сенде жүрген боларсың жылап алып,
Көз жасыңды көрсетпей тірі жанға.





* * *


Махаббат сыйлаған көктем,
Бізден де күдерін үзбек.
Қоштасу бізге де жеткен,
Көңілге күз кеп.

Сен жалған қызыққа құмарсың,
Шуағын себе ме әр күн?
Шынында бақытты шығарсың,
...Бәлкім?..

Сен маған несіне қарадың,
Көздерің күлімдеп мұңсыз.
Мен кетіп барамын...
Күллі әлем үнсіз.



Екінші бөлім



Жыр



* * *

Тыныш таппай толғатып,
Сайтанымды қашырып.
Тілегімді Тәңіріме қолдатып,
Арманымды айдан әрмен асырып.

Құлақ түріп тыңдағанда, ұққанның,
Жұмақ төрі елестейтін көзіне.
Ақ аузымнан ақтарылып шыққаннан,
Дуа дарып сөзіме.

Тобырларға туралықты үндейтін,
Жабыққанда қорған болар жалғызға.
Бәйшешектей қырда ерте гүлдейтін,
Қасарысып қар-мұзға.

Ғашықтардың сезіміндей тым нәзік,
Батырлардың рухындай тым асқақ.
Жалғыз шумақ қалдыра алсам жыр жазып,
Жүрегімнің ақындығын растап.





МУЗЫКА

– У-у-у, у-ү-ү, м-м-м.

Ұлым сенің

осы ғажап уілің

Естілгенде

нұрға айналар көңілім.

Санам жетпей қоюшы еді өмірге,

Сен екенсің Өмірім.

Осы болса

тартар сыйың әуелгі,

Бұл сазыңа

бүкіл болмыс тәуелді.

Құлыным-ау,

қайдан жаттап алғансың

Мұндай ұлы әуенді.

Неткен көркем,

неткен тәтті қылығың,

Осы сәттің садағасы

ғұмырым.

Қалай еді қайталашы

Құлыным.





* * *

Ұлтым – қазақ,
түбім – түркі,
Не еткенім қысылғаным.
Күндесін күңкілдесін бүгіндікі,
Лә иллаһа ил –лаллаһ мұсылманмын.

Күңкіл сөзді көңілге алам несін?
Бақытым бар басқаға шүкір дермін.
Жалқау десін,
жат десін,
жаман десін,
Көбік езу сөзіне түкіргенмін.

Еркіндіктің куәсі алып далам,
Жаманға жалынбаймын.
Қыран болғым келеді қалықтаған,
Тотыдай бағынбаймын.

Шексіздікті сүйемін
hәм күн игім,
Жалғыз басым
жауыма көп көрінгем.
Ақшыл түнде
айға қарап ұлимын,
Үйренгем көк бөріден.





Пенденің биік болар
талғамгері,
Алла десем кірермін
жаннатқа да.
Бағынбаймын заңыңа...
Заң бар ма еді?
Табынамын тек қана
Жаратқанға.





* * *

Келер күнді ойлап
алаңдай жүрмін,
Өткенге қайтып
бара алмай жүрмін.
Жүйрік жылдардың
қойнында қалған,
Сәби күнімді
таба алмай жүрмін.

Жүлдеге мас боп
жарыстан алған,
Қол бұлғап еді
алыстан арман.
Іздесем қанша
таптырмайсың-ау,
Сәби көңілім
алыста қалған.

Қылғанмен Атам
жұмақты мекен,
Жалғанға неге
құмарттым екен?!
Ет жүрек еді,
тас боп барад
Шамадан артық
мұң арттым ба екен.





Осы бір мұңнан
 езілер ме екен,
Жақсы күн алдан
 кезігер ме екен...
Апама барып
 еркелеп қайтсам,
Өзімді жеңіл
 сезінер ме екем.





СЕРІК ТОМАНОВҚА

Жыр жазғанмын
ем болардай жарама,
Өмір жайлы
өзегімді өксiткен.
Бір газетте отыратын ағама,
«Тырнақ алды жырларым»
деп көрсеткем.

Жырымды оқып
жазып жүрген жаңадан,
Деді маған
«жан екенсің талантты».
Бірақ менен
күдіктеніп сол ағам,
Сенің қара кітабыңды
қарапты.

Зор қуаныш билеген жоқ
онда аса,
«Қандай ед» деп
сен жайлы оны тергеппін.
Есіміңді естігенім болмаса,
Кешір аға,
жырыңды оқып көрмеппін.





Тағдыр
 менің өздеріндей бұрынғы,
Мойыныма
 салмаса екен қамытын.
Аға, енді
 сенің шыншыл жырыңды,
Жалғай алсам бақытым.





МҰҚАҒАЛИҒА

Өміріңе не дейін
өксігі басым, бағы кем,
Тас мінез болған тағдырыңа аға налып ең.
Ел іші ерден сырлас дос таппай қамығып,
Мөлдір мұңыңды
Фариза қызға шағып ең.

Арғымақ едің
бзелің кеткен сай болмай,
Келте өмір саған кесапат етті-ау байланбай.
Болашағыңа бір арыз жазып кетіп ең,
Тірлігінде бір туған күнің тойланбай.

Арызыңды оқып,
парызын біліп ұғынды,
Еске алып жатыр ұрпағың сенің бүгінгі.
«Мұзбалақ ақын туған күн» деп дәл бүгін,
Қарасазыңда той болып жатыр дүбірлі.

Ақын мен елдің
арасы бір сәт кесілмей,
Жалғасқан үрдіс ұлы керуеннің көшіндей.
Мұзбалақ аға, артыңнан келер ұрпаққа,
Аманат еттің – Абайдың шоғын өшірмей.





Сейіліп түні,
атқанда мына таң күліп,
Жырынды бүкіл шырқайды ұрпақ ән қылып.
Бақытты жансың, бақытты жансың сен аға,
Шаң басқан жоқсың – жүректе жүрсің жаңғырып.



Мазғұт Бақаев деген студенттік досымның әйелінің аты Зуһра еді. Бірде содан хат келді. Онда «Мына хатты Фурманов көшесіндегі 135 үйде тұратын Зуһра Шәріпқызының өз қолына табыс ет» делініпті...

...Үйді тауып, қоңырауды бассам, ар жағынан тал шыбықтай бұратылған, аппақ, мінсіз сұлу қыз шықты. Сасқалақтап қалдым. Іздеп барған Зуһрам осы қыз екен. Хатты бердім. Кейін білдім, онда «Хатты алып барған жігітпен таныс» деп жазылған екен.

Д.А. Қонаевтің естелігінен

ЖАЗЫЛМАҒАН ХАТ

Хаттар,
хаттар,
хаттар қандай аяулы,
Хаттар жазған шақтар қандай аяулы.
Сол хаттармен қаншама арман көз іліп,
Сол хаттармен қаншама үміт оянды.

Аңса жүрек,
ең аяулы кезді аңса,
Тағдырыңда бір ғажайып кез болса.
Жазылған һәм жазылмаған сол хатта,
Айтылған һәм айтылмаған сөз қанша.



Бастан нені

өткер мейлі не көрме,
Тағдыр жаққан сезім оты сөнер ме.
Жұптарының жазылмасын сезді ме ол,
Жазылмаған сол бір хатты берерде.

Жаза жүріп

ғашықтықтың өлеңін,
Көп іздейміз шын сүюдің себебін.
Махаббаттың ұлылығы екен ғой,
Ұлылардың махаббаты дегенің.

Бақыт жолы жақын ба,

әлде жырақ па,
Жеттік пе, әлде жетпедік пе мұратқа?!
Өзгелерге тапсырдық біз қанша хат,
Өзімізді тапсыра алмай бірақта.

Махаббаттар көп пе бізде

пәк, көркем,
Сол сезімнің әнін айтып жатты өлкем.
Екеуінің жүріп өткен жолдары,
Біздер үшін жазып кеткен хатпен тең.

Сол хаттардың

бегзадасы-ай, асылы-ай,
Жылдар өтті жар сүйегі жасымай.
Махаббаттың хатқа сыймас тарихы,
Өмір бойы жазылады осылай.





Асау жүрек
көніп сезім ырқына,
Сүю жайлы аңыз қалды жұртына.
Болашақта жазылады бір дастан,
Дастан аты: «Димаш – Бибі Зухра».





АУЫЛҒА ХАТ

Жеңдіріп ойды қапаға,
«Кешікпеуші ед-деп-бұрын, ә».
Жүрсің бе әке, апама,
«Құмалақ сал» – деп ұлыма.

Мені ойлап жаның жүдетпе,
Дін аман ұлың сақадай.
Сыр беріп жүрген жүрекке,
Мұң жамап алма апатай.

Ол рас қазір күй бөлек,
Сырымды кімдер ұғынды.
Оралмай кетті үйге деп,
Кінәлай көрме ұлыңды.

Ауылында жүрмін ақылдың,
Жүргем жоқ босқа тепеңдеп.
Жыр тұлпар баптап жатырмын,
Арманды қуып жетем деп.

Үйірме бойға бөтен мұң,
Келеді ұлың аптығып.
Ұзамай мен де жетермін,
Көңілдерінді шат қылып.





Ауылдағы сол барша үйді,
Түсімде көргем неше рет.
Сағынғанмын ғой, шаншиды
Кеуде тұсымдағы кесек ет.





АУЫЛДА
немесе
ӘКЕ ТӘРБИЕСІ

Қалада мынау
еңсемді басып ауыр мұң,
Ерттеусіз мінген ессіз тірліктен жауырмын.
Еркелеп желі өбетін келіп бетімнен,
Арайлап атар аңсадым таңын ауылдың.

Қайнатып қойып
қырғауыл деген құс етін,
Кеспе қып турап түстікте апам ішетін.
Көк аспан жерге түсердей болған ыстықта,
Әкемнің еккен әңгелектері пісетін.

Ақ көңіл жанға
бір Алла нұры құйсын тек,
«Бақшада бар ғой піседі талай жейсің» деп.
Жартысын бөліп жұмсайтын әкем көрші үйге,
Елде бар дәмнен оларда ауыз тисін деп.

Ұға алмай мәнін
әкеге үнсіз қараймыз,
Барлығымыз да бір тойып жеуді қалаймыз.
Бас-басымызға бір тілік жетсе мәз болып,
Таңдайға басып тәтті екен десіп тараймыз.





Жүргенде солай

жаз айы бітіп, күз келді,
Әңгелектерді тараттық елге біз де енді.
Кейіннен ұқтым тәрбиелепті сонда әкем,
Жомарт қып
әрі қанағатшыл қып біздерді.





* * *

Аллаһу әкбар!
Аллаһу әкбар!
Аллаһу әкбар!

Оң құлағыңа
Азан айттым
 нақыштап,
Сол құлағыңа
Хамад айттым дауыстап,
Мына өмірге
 қош келіпсің құлыным
Жайқалып өс
 ата жолын нақ ұстап.

Айтып кеткен
 өлең-жыр қып нақылды,
Сырға мәлім
 сүйіп тыңдап ақынды,
Сен де сондай
 дүр болсын деп ақылды,
Атаң қойды атыңды.

Тамырыңда
 ұлттық рух бұлқынған,





Азамат бол,
айнымайтын ғұрпыңнан.
Құлағыңа
азан айттым дауыстап,
Сенің атың – Нұртуған!





АҚЫН ҚЫЗҒА

Мөп-мөлдір сезімнен жаралған,
Көктеме күнінен, гүлінен нәр алған.
Ақ арман үміті шуақ боп өріліп,
Ауызынан жыр,
Көкірегінен нұр төгіліп.
Жыр еткен бірлікті,
Шындықты ту еткен.
Қайраты қайғысын жүдеткен,
Аур жүр ортаңда ерге тән жүрекпен.

Жыр еккен
бағына,
Жанына адалдық түнеткен.
Жыр тұлпар түлеткен
Ақын жүр ортаңда
тым нәзік жүрекпен.

Бойында
шындық бар,
Шындық бар ойында.
Пенделік пейіліңе бой ұрма.
Ақын жүр ортаңда,
Бағала,
мойын бұр,
мойында.





* * *

Сабан да құрлы салмағым қалмады,
Кімдер де менің кеткен жоқ кегім.
Адамдар түгілі арманым да алдады,
Гүлдеуге бейім көкпеңбек едім.

Аз ғана есім ауышар ма екен,
Аумаса болар Алаштың бағы.
Жарып та шығып қауышар ертең,
Бәйшешек жырым қар астындағы.

Сайтаным күлді тамұқ қылам деп,
Тәңірім бірақ жебеген мені.

.....

...Айттым ғой бір күн жарып шығам деп,
Көктемім келді көгерем енді.





САЙТАНМЕН АРБАСУ

Сенім сирей бастаса
 күдік гүлдеп,
Сайтан маған жетеді
 тынық түн кеп.
Сұлу сөйлеп сөзіне сендірмекші,
Көп өкініш ішінде
 үмітпін деп.

Білемін
 ақыретте сұрақ барын,
Үмітім тозақ емес,
 жұмақтан мың
Тілінен у,
 көзінен сор ағызып,
Сайтандарды
 ұзақ түн жылатқанмын.

Қол жайып Құдай десем
 көре алмайды,
Қиылып,
 қылымсиды көп арбайды.
Бас салып балағымға жабысса да.
Әйтеуір
 иманымды жеңе алайды.





* * *

Адамдар-ай,
Арманды қуған арманға мініп,
Үзілген сайын жалғанған үміт.
Біздерден өзге ешкім жоқ шығар,
Шындық іздейтін
Жалғанда жүріп.

Мен-менсіп тасып арнадан аспа,
Мастанып шайтан арбаған асқа.
Әлемнің кілті қолымда деме,
Ие жоқ оған
Алладан басқа.

Жайлы жер іздеп жырақтан босқа,
Өмірлік басты мұраттан қашпа.
Иманыңды жи, намазыңды оқы,
Жайлы бір жер жоқ
жұмақтан басқа.

Амал жоқ менде жазардан басқа,
Қайтқандар қанша базардан босқа.
Өмірге келдің.
Кетесің қайтып,
Шындық жоқ мұнда
ажалдан басқа.





* * *

Қылыштай нұры
бүкіл әлемді тілімдеп
Күн шыққанмен күлімдеп
Жеңілген жаудай ымыртта
Батады қайта дірілдеп

Ұзақ түн жатып
таң ата ғана көз ілем
Өзімді жалғыз сезінем
Есітіп, көріп, білмейтін
Мәңгүрттің нағыз өзі ме ем?

Қажытты мені
бітпейтін мына тірлігім
Ертеңін болжап білді кім?
Өзімнен-өзім күйінем
Жалғанның айтып шындығын

Түртінектеймін
түре алмай түнек түндігін
Шертіледі сырлы мұң
Өріледі жыр бұрым,
Бұл жайымды бірақ та
Өзімнен басқа білді кім?..





ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Дос жоқ менде..
Таппайтын да шығармын,
Мұң шағамын кімдерге.
Жан дертімді дәл өзімдей ұғар кім?
Мұңсыз дейді ел күлгенге.

Батпандап кеп басыма бақ қонбаса,
Мына мені білмей кетсін білмеген.
Сырымды ұғар адал досым болмаса,
Мұң шағайын кімге мен?

Досым деген жылпосы мен сумаңын,
Көрдім неше сатқыны мен сайқалын.
Жүрегімді жарып шыққан жырларым,
Дәл сендердей дос жоқ екен байқадым,

Қара өлең саған мың алғыс!





* * *

Жалған-ай деймін мен кейде,
Түңіліп кетіп өмірден.
Егіліп кетіп ер кеуде,
Жігерім құм боп төгілген.

Өтіп жатыр күлмей күн,
Құдай деген бір ұл ем.
Неге екенін білмеймін,
Жүрмей жатып сүрінем.

Арай таң атпай ағынан,
Үзілген өйстіп жолым мың.
Маңдайға жазған бағымнан,
Қалыңдығын-ай сорымның.

Дүние деген құрғырдың,
Таба алмай айла, амалын.
Уайым деген бір құрдым,
Ұйыққа батып барамын.

Селсоқпын, жүрмін жүдеп те,
Қаратты сыртын тағдырым.
Түртінектеумен түнекте,
Күтумен келем таң нұрын.





* * *

Қамықтым, тұнжырадым,
Тамұқпын, қынжыламын.
Жігерім жасып ағып,
...шын жыладым.

Шырқамай жастық әнін,
Еңсемді басты да мұң.
Тым ерте сездім неге,
Өмірдің ащы дәмін.

Шайқалды тоғым қалмай,
Арманым орындалмай.
Соншалық дәрменсіз бе ем,
Қалың ең сорым қандай.

Жә, көңіл жабырқама,
Жөн сілтер сабыр ғана.
Әрқашан өз қалауын,
Жасайтын Тәңір ғана.





Есіктен шығып кеттім
жағамды ұстап.

Адамнан аумауын-ай,
бәтшағардың.





* * *

Түн де бөтен,
ағарған таң да бөтен
Деуші еді алғашында
«самға көкем!»
Уақыт деген өзі
бір қаңбақ екен.
Жалған десе дүние
жалған екен.

Ақ сағымға оранған
тау да бөтен
Мен аңсаған арманнан
аулақ екен.
Өмір деген
білгенге күрес екен
Өмір деген –
өлеңнің тармағы екен.

Күн батады,
қайтадан күн шығады,
Таусылмайды
тағдырдың мың сынағы.
Тағдырдың әр тауқымет
азабынан,





Асау жүрек
шығуға құлшынады.

Деуші едім шарықтаймын,
самғап өтем,

Самғап өтем дегенім –
арман екен.

Жалған десе дүние
жалған екен,

Мен сонда да
биікті арман етем!





* * *

Жүрегім менің
 босқа жырламайды
Жазмыштың жолы тайқы
 бұрмалайды
Жанымның
 қара қотыр жараларын
Шеңгелінде
 шерлі өмір тырналайды

Жүрегім менің
 босқа жырламайды
Аққан жастан
 жанарым құрғамайды
Жаным титтей болғанмен
 жарам үлкен
Көңілімде
 тыныштық орнамайды

Бұл өмірден
 өтем бе жарысумен,
Жарысумен оза алмай
 қалысумен.
Күйкі тірлік еншілеп
 уақытымды,





Қараң қалғыр
қырсықпен алысумен.

Жерұйықты
іздеумен қарап бекем,
Шарласам ба
Асандай алапты кең.
Біле алмадым
о баста мына мені
Кім болсын деп
Тәңірім жаратты екен.





* * *

Мен туған ауыл
жыр тұнған Сырдың бойында,
Тасыған Сырдың
күдіреті бар бойымда.
Әбділда,
Манап,
Сырбайды тапқан Сыр елі,
Мені де достым
күдіктенбей-ақ мойында.
Пенделігіңе бой ұрма!

Жалын жыр жазсам
анамнан солай туғанмын,
Қаламымды алып
қара өлең жолын қуғанмын.
Бірі де емеспін
сен ойлағандай сумаңның,
Намысым – найза,
найзалы жырмен туды алдым.

Тарылмақ емес
тасыған жырдың арнасы,
Жылғалай берер
сарқылмас Сырдың жалғасы.





Жалынды жырым
жүрекке жетіп жатса егер,
Шабытты туған
от жүрегімнің арқасы.





* * *

Салқын тартып
мына күн бұлдана ма,
Менің жаным ынтызар,
жырла дала.
Жапырақтар сап-сары,
елдің бәрі
күз келді деп ойлап жүр
бұл қалаға.

Күз келген жоқ қалаға,
өлең келді,
Қалай жырлайд(ы)
табиғат шеберлері.
Қарандаршы өздерің сенбесеңдер,
Мықты ақын ғой
мына күз менен гөрі.

Хормен жырлап жатқанда
төңірегің,
Көтерілмес сен неткен
көңіл едің.
Қайыңдардың
қасына жақындасаң,
Жапырағы
өлең боп төгіледі.





Мықты ақын ғой
мына күз менен гөрі,
Күз келген жоқ
қалаға өлең келді.





* * *

Жауынды күн,
тағы да жауынды күн,
Аспан бұлтты,
ал менің ауыр мұңым.
Көктем келген жоқ әлі Астанаға,
Шырқай алмай тұр әлі
сәуір жырын.

Сәуір әнін және де
көктем әнін,
Қосып шырқап кетуге
жетпеді әлім.
Күннің көзі ашылса абыржумен,
Әлде біреу келердей
көп қарадым.

Бір жақтардан әлде кім
келер деген,
Көңілім басылмай жүр
елеңдеген.
Күрсінсем
кеуде тұсым ауырады,
Әзірге емдеп жүрмін
өлеңменен.





* * *

Көктем биыл
 тым ұзақ кешіккендей,
Содан менің
 көңілім қуанбайды.
Мендегі сағынышты
 кешіп көрмей,
Ешкім менің күйімді
 ұға алмайды.

Қайыңның да бұтағы бүрлемеді,
Тырналарда жоқ әлі тыраулаған.
Сәуір болды,
 алма ағаш гүлдемеді,
Ұқсамай тұр
 мезгілге жыл аунаған.

Қар ұшады,
 бұл аспан жындана ма,
Тәуір болмас деуші еді
Сәуір болмай.
Көктем қашан келеді бұл қалаға,
Сағыныштан
 кеудемнің ауырғаны-ай.





Кешіккені несі екен
 бұл көктемнің,
Ызғары сезіледі қыстың әлі.
Сені күтіп далада
 дірдектедім,
Қашан естіледі екен
 құстың әні.

Көктем биыл
 тым ұзақ кешіккендей,
Содан менің көңілім қуанбайды.
Мендегі сағынышты
 кешіп көрмей,
Ешкім менің
 күйімді ұға алмайды.





* * *

Жазылған
 әрбір жырымның бәрі,
Тең болмаса да
 сұрапыл отқа.
Ешкімге айтпаған
 сырымның бәрі,
Кішкентай осы
 блокнотта.

Өмірден
 әрбір түйгенімді де,
Көңілімді де
 досымнан қайтқан.
Ғашық боп,
 қызды сүйгенімді де,
Бүкпесіз
 бәрін осыған айтқам.

Жазылған
 әрбір жырымның бәрі,
Тең болмаса да
 сұрапыл отқа.
Ешкімге айтпаған
 сырымның бәрі,



Кішкентай осы
блокнотта.

Өлеңге анық
жақын екенім,
Бір өлең жазу
Мұратым едің.
Олжастың
қандай ақын екенін,
Бір білсе білер
блокнотым.



МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім МӨЛДІР

Уәде	4
«Бар болмысың кіршіксіз көрінетін...»	5
Сары қыз	6
Жанар	7
Сен сүймей кеткен сол жігіт... ..	8
«Мен жайында ойламауың мүмкін-ді...»	10
«Сен гүлді сүйесің...»	11
«Жаныма ауыр тиер ме еді мұншама...»	12
Акроөлең.....	13
«Арайлым...».....	14
Мені есіңе аласың ба?.....	15
«Жантақтың да кебе жаздап тамыры...»	16
Ғашықтар күні.....	17
Сағынып жүр ме екенсің?.. ..	18
Сүю.....	19
Періште	20
«Мен сені іздедім...»	21
«Жұмыр басты пенделердің біріміз...»	22
Өтініш	23
«Құдай қосқан қосағым...».....	24
«Қуанышты күнің ғой сенің бүгін...».....	25
«Жанарыңнан мөлдір шық тамшылағаны... ..	26
«Не күтіп ең жаным-ау енді менен... ..	27
«Мендік сезім шыдар ма елең етпей...»	28
«Жігіт құлқын, қылық құлкің арбаған...»	29
«Мен өмірге кеше кешке келгенмін...»	30
Сағындым... ..	32
Хат	33

«Қызығам, қылығың тәтті-ақ...»	35
«Қарындасым-ау, ақылды...»	36
«Дүниені жап-жасыл қып...»	38
«Жырларымды оқып шығып ақылдым...»	40
«Жан ұқпайтын сезімнен арыла алмай...»	41
«Жетті де әзер батылым...»	42
«Жоқ мұнда қазір той-думан...»	43
«Сен неге күрсінесің күнім менің...»	44
«Бірімізге біріміз, жақын жандар емеспіз...»	46
«Мен түндей тұнық едім...»	48
Саған.....	49
«Бөлме толы кіл қыздар...»	51
«Есімде түнгі боран...»	52
«Тағы да мұнайдым...»	54
Түс немесе сағыныш.....	55
Қызғаныш	56
«Күрсінем шарам да қалмай...»	57
Қоштасу	58
«Бір орамал бермедің кестелеп те...»	59
«Махаббат сыйлаған көктем...»	60

Екінші бөлім

ЖЫР

«Тыныш таппай толғатып...»	62
Музыка	63
«Ұлтым – қазақ, түбім – түркі...»	64
«Сөзімді дұрыс дегін, теріс дегін...»	66
«Келер күнді ойлап алаңдай жүрмін...»	68
Серік Томановқа.....	70
Мұқағалиға	73
Жазылмаған хат	75
Ауылға хат	78
Ауылда немесе әке тәрбиесі.....	80
«Аллаһу әкбар!...»	82

Ақын қызға	84
«Сабан да құрлы салмағым қалмады...»	85
Сайтанмен арбасу	86
«Адамдар-ай, Арманды қуған арманға мініп...»	88
«Қылыштай нұры бүкіл әлемді тілімдеп...»	89
Жалғыздық.....	90
«Жалған-ай деймін мен кейде...».....	91
«Қамықтым, тұнжырадым...».....	92
«Тұщысы ма, өмірдің ащысы ма?!.»	93
«Түн де бөтен, ағарған таң да бөтен...»	95
«Жүрегім менің босқа жырламайды...»	97
«Мен туған ауыл жыр тұнған Сырдың бойында...»	99
«Салқын тартып мына күн бұлдана ма...»	101
«Жауынды күн, тағы да жауынды күн...»	103
«Көктем биыл тым ұзақ кешіккендей...»	104
«Жазылған әрбір жырымның бәрі...»	106

«ЖАС ТОЛҚЫН» сериясы

Олжас Сәндібек

Уәде

Өлеңдер

Редакторы *Сәндібек Жұбаниязов*
Көркемдеуші редакторы *Нұрлан Тазабеков*
Техникалық редакторы *Зайра Бошанова*
Компьютерде беттеген *Гүлмира Өтенова*

ИБ № 7261

Басуға 03.06.2013 қол қойылды.
Қалыбы 84×108¹/₃₂. Қаріп түрі «Svetlana».
Офсетті басылым.
Шартты баспа табағы 6,0. Баспа табағы 7.
Таралымы 2000
Тапсырыс №

Қазақстан Республикасы «Жазушы» баспасы,
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

ISBN 978-601-200-434-2



9 786012 004342